



АСТАНА АРТ- КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТЕКСТИЛЬДІ АРТ- НЫСАНДАР

Лаура Есқожина¹, Раушан Қарғабекова²

^{1,2}Құләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті
 (Астана, Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада заманауи қазақ суретшілердің шығармашылығындағы текстиль материалының мәні мен қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Алмагүл Меңлібаева, Гүлнұр Мұқажанова, Гүлмарал Тәтібаева, Әлия Қанибекова, Мөлдір Қарубайқызы сынды суретшілердің туындылары зерделенді. Текстиль – олардың шығармашылық тәжірибесінде маңызды концептуалдық құрал ретінде қолданылады. Суретшілер тарихи жады, экология, әйел тәжірибесі, киімдік және ұлттық мұра сынды тақырыптарды текстиль арқылы жеткізеді. Астана қаласында өткен TSE art destination галереясындағы «GREEN, YELLOW, RED AND GREEN AGAIN» Алмагүл Меңлібаеваның жеке көрмесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде ұйымдастырылған «ADYR-ASPAN» атты топтық көрме, сондай-ақ, Sal-Seri галереясында өткен Мөлдір Қарубайқызының «JETI APA» және тағы басқа көрмелер қарастырылды. Бұл көрмелерде текстиль бұйымдарының айрықша орын алғаны атап өтіледі. Сонымен қатар, киіз, барқыт, люрекс, ақ мата сияқты материалдар арқылы жасалған инсталляциялар мен перформанстарда қазақтың дәстүрлі мәдени коды мен қазіргі әлеуметтік мәселелер ұштастырыла көрсетілді. Авторлар текстиль заманауи өнердегі шынайы, поэтикалық және символдық әлеуетін ашып, оны мәдени мұра мен жеке тәжірибе арасында диалог құралы ретінде зерттеді. Текстиль көмегімен заманауи өнерде жаһандану мен ұлттың ішкі үнін, әйел болмысы мен әлеуметтік трансформация процестерін терең әрі көркем тілде бейнелеу мүмкіндіктері сараланады. Мақала текстиль бұйымдарын жаңа контекстте оқуға бағытталған ғылыми-шығармашылық ізденісті көздей отырып, Астана арт-кеңістігіндегі өзекті үрдістер мен текстиль нысандардың даму жағдайын кешенді түрде талдайды.

Түйін сөздер: Қазақстан, Астана, заманауи өнері, суретшілер, текстиль өнері, арт-кеңістік, арт-нысандар.

Дәйексөз үшін: Есқожина, Лаура және Раушан Қарғабекова. «Астана арт-кеңістігіндегі текстильді арт-нысандар». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №1, 2025, 225–241 б., DOI: 10.47940/cajas.v10i1.899

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді

Мақалада Қазақстан, соның ішінде Астана арт-кеңістігінде белсенді түрде көрмеге қойылып жүрген, әлемдік шығармашылық алаңында креативті саланы танытып келе жатқан тәжірибелі суретшілердің бейне-арт, инсталляция, перформанста және заманауи өнерінің басқа да түрлеріндегі текстильдік жұмыстарды сапалы пайдалануын айқындауға бағытталған. Шығармашылық туындыларда қол жетімді материалдарды, оның ішінде текстильді, арнайы түрде қолдану қоғамның өзекті мәселелерін ашуға ықпал етеді. Осы орайда дәстүрлі мәдениетті сақтау мәселелерімен бірге тарихи-мәдениетке жат мәселелер де қозғалады. Заманауи суретшілердің көрмелері зерттеліп, олардың шығармашылығында жоғары сапалық әлеуетке ие текстиль материалдары арқылы арт-нысандар тұжырымдамасының қалыптасуы айқын көрініс тапқаны талданды. Қарастырылып отырған суретшілердің шығармалары қазіргі заманның жаһандық мәселелері мен қиындықтарына тап болған адам рөлі мен орны туралы пайымдайды. Осыған байланысты суретшілердің шығармашылық тәжірибелерін зерттеудің өзектілігі негізделеді. Олардың назары экология мәселелеріне, адам мен табиғат арасындағы қақтығыстарға, адам құндылықтарының мәніне, жарақаттану тәжірибесіне және қазіргі адамның өмірлік болмысына бағытталған.

Астана қаласында әр түрлі галереялар жұмыс жасайды, мысалы Forte Kulanshi Art Space, Has Sanat, Sal-Seri, Pygmalion галереялары жүйелі түрде көрмелер өткізіп отырады. Осы мақалада басқа арт-кеңістіктерде ұйымдастырылған текстильмен байланысты көрмеге қойылған жұмыстарға талдау жасалды. Ұлттық музейде өткен ADYR-ASPAN тобының көрмелерінен, сондай-ақ, осы топ мүшелері ұйымдастырған

Талдықөл көлінің жағасындағы акцияларынан Астананың басқа да кеңістігінің көрінісін көреміз. Сонымен қатар қаланың оң жағалауында TSE art destination галереясында өткен Алмагүл Меңлібаеваның жеке көрмесі қала өміріндегі қызықты шаралардың бірі болғаны анық. Astana Art Show-2019 жобасы «Racing the Galaxy» халықаралық көрмесі Бейбітшілік және Келісім Сарайында, Тәуелсіздік сарайында өткізілді. Осындай нәтижелі іш шаралар қала өмірінің заманауи өнер тұрғысынан орын алған өнерсүйер қауымның жадында қалған оқиға.

Мақаланың мақсаты, қазақ суретшілерінің шығармашылығындағы текстильмен байланысты Астанада өткен көрмелерге қысқаша шолу жасаумен қатар суретшілердің дүниетанымындағы жаһандану векторы, экология және болмыстық (айдентика) т.б. тақырыптарына байланысты туындыларына өнертанушылық тұрғыда талдау жасау. Осы мақсатқа жету үшін, келесі міндеттер белгіленді:

- Тақырыпқа байланысты библиографиялық шолу жасау. Осы мақсатқа жету үшін ұсынылатын ғылыми әдіс: жүйелі библиографиялық талдау және контент талдау. Бұл әдіс арқылы тақырыпқа қатысты теориялық еңбектерді, отандық және шетелдік зерттеулерді, көркемдік сындарды жинақтап, олардың ішкі байланысын, бағыттарын, қайшылықтарын саралауға болады.

- Галерея, музей және суретшілердің жеке қорларындағы шығармаларымен танысу және сараптау. Ұсынылатын ғылыми әдіс: формалды талдау, контекстуалды талдау. Бұл арқылы нақты шығармалардың композициясы, түсі, материалы, кеңістіктегі орналасуы сияқты сипаттамалары зерттеледі. Сонымен қатар, шығармалар жасалған тарихи, әлеуметтік, саяси және мәдени контекст те есепке алынды.

- Суретшілер мен галеристермен сұқбаттасу. Сапалық интервью әдісі таңдалды. Суретшілердің көзқарастары, идеялары мен жеке тәжірибесін нақты түсіну үшін тереңдетілген интервью әдісі қолданылды.

- Суретшілер одағы, кітапхана мен архивтерден тақырып бойынша мәліметтер жинақтау және жүйелеу. Дереккөздерді тарихи-мәдени талдау. Архивтік және ресми құжаттар, каталогтар мен мәліметтерді жинақтап, белгілі бір хронология немесе мазмұн бойынша жүйелеу. Бұл мәліметтер арқылы текстильдік өнердің даму динамикасын, Астана арт-кеңістігіндегі рөлін анықтауға болады.

Әдістер

Бұл мақалада Астана арт-кеңістігіндегі текстиль арт-нысандарды талдау үшін бірнеше өзекті ғылыми әдістер кешені қолданылды. Жинақталған материалда таңдалған суретшілердің өнер нысандарында текстиль пайдаланудағы сапалы тәжірибесін ашуға көмектесетін өнертану, тарихи-мәдени, салыстырмалы, сондай-ақ әлеуметтанулық және сапалық зерттеу әдістері пайдаланылды.

Зерттеу барысында:

1. Библиографиялық шолу жасау үшін жүйелі библиографиялық талдау және контент-талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсіл арқылы отандық және шетелдік ғылыми жарияланымдар, өнер сыншыларының зерттеулері сараланып, текстиль материалдарды қолданудың теориялық-эстетикалық негіздері мен жаһандық өнер контекстіндегі орнын түсінуге жол ашылды.

2. Галерея, музей және суретшілердің жеке қорларындағы шығармаларын зерттеу үшін көркемдік-бейнелеу талдауы және контекстуалды талдау әдістері пайдаланылды. Бұл әдістер шығармалардың визуалды құрылымын, материалдық және кеңістіктік ерекшеліктерін талдап, олардың

мазмұндық деңгейлерін, концептуалдық тұжырымдарын ашуға мүмкіндік берді.

3. Суретшілермен және галеристермен сұхбат жүргізу барысында сапалық интервью алынды. Бұл әдістер суретшілердің шығармашылық ниеттерін, тақырыптық бағдарларын және текстиль материалды қолданудағы субъективті тәжірибелерін түсінуге ықпал етті.

4. Архивтер, кітапханалар мен суретшілер одағынан материал жинақтау үшін тарихи-мәдени талдау және дереккөздерді жүйелеу мен классификациялау әдістері қолданылды. Осы тәсілдер арқылы көрмелер тарихы, шығармашылық топтардың қызметі және текстильдік туындылардың эволюциясы жөнінде мәліметтер құрылымдалып, зерттеу контекстіне енгізілді.

Зерттеу әдіснамасы суретшілердің шығармашылығындағы текстиль феноменін тереңірек ұғынуға, оны жаһандану, экология, айдентика және әлеуметтік трансформация контекстінде саралауға мүмкіндік береді. Мақала авторлары ғалымдардың, өнертанушылардың зерттеулеріне, қазақ және шетелдік жетекші мамандар мен қазіргі заманғы өнер сыншыларының бірқатар жарияланымдарына сүйене отырып, текстильдік материалды қолданудың қазіргі замандағы рөлін, эстетикалық және идеялық салмағын ашуға көмектесті.

Пікірталас

Қазақстан және Орталық Азия өнертанушыларының еңбектерінен текстильді қолдану тәжірибесі қазіргі заманғы суретшілер шығармашылығындағы медиа құрал ретінде сирек зерттелгені белгілі болды. Зерттеу барысында басты назар өзекті мәселелердің бірі жаһандану үдерісінде, қазіргі суретшілердің шығармашылығындағы дәстүрлі текстиль материалдарының орнын анықтауға бағытталды. Ұлттық өнертану

мектебінің өкілі Райхан Ерғалиева өзінің еңбегінде: «Көшпелі өмір салтында сақталған экологиялық тепе-теңдікке, әлемдік үйлесімінің имманенттілігіне деген бағдар... және XX ғасырдағы қазақ кескіндемесі мен мүсін өнерінің рухани-пластикалық тұрғыда өзін-өзі танытуына негізі болды», - деп атап өтеді (6). Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңі өнер саласында түбегейлі өзгерістердің орын алуымен ерекшеленді, бұл ретте үйлесімділік пен тепе-теңдіктің бұзылуы байқалды. Аталған үрдіс зерттеуге таңдалған суретшілердің шығармашылығында айқын көрініс тапқан.

Халима Труспекова заманауи өнер суретшілерінің шығармашылығын зерттей отырып, XX ғасырдың авангардтық идеяларына сүйенгенін атап «... өткен тарихты іздеу... өзін іздеу, өзінің түп-тамырын іздеу...» контексіндегі өзекті мәселелер туралы айтады (199). Суретшілер постмодернизм идеясын меңгеру қажеттілігіне тап болады. Олар жаңа құралдарды меңгеруге, өз идеяларын басқа формада, басқа тілдік жүйеде көрсетті (видеоарт, перформанс, инсталляция).

Өнертанушылар ғасырлар тоғысындағы Қазақстанның көркем өнер бағытын талдап, 1990-жылдардағы бағдар ресейлік акционистер тәжірибесіне сүйене отырып, жергілікті суретшілердің өзара ерекшеліктерін анықтайды. «Алайда 1990-жылдардың екінші жартысында байланыстар тек Ресеймен ғана емес, бүкіл әлеммен орнаған кезде, кеңестік те, тәуелсіздік кезеңіндегі ресми өнерде де орын алған ұқсастықтарды емес, керісінше, айырмашылықтарды іздеудің қажеттілігі түсініле бастады,» — деп пайымдайды В. Ибраева (85).

Өнертанушы Ардақ Юсупова тарихи жад, гендерлік, жеке рефлексиялар және т.б. мәселелерге баса назар аудара отырып, себеп-салдарлық байланыстарды, көркемдік процесті

ұйымдастыру мәселелерін, қазақстандық суретшілердің қазіргі заманғы өнеріндегі үрдістерді зерделейді (8).

Юлия Сорокина Қазақстан мен Орталық Азияның қазіргі заманғы өнеріне арналған «Astral Nomads» сандық мұрағатының эксперименттік жобасында, «Астана фест» фестиваліне баса назар аудара отырып, өзекті көркемдік тәжірибелерді сақтауға және таратуға ықпал еткен қоғамдық арт бағытын білдіретін «әлеуетті мәдени мұра» категорияларын атап өтеді (8).

Заманауи арт процесінің үрдістерін түсіндіруде Екатерина Резникова, жаһандану дәуіріндегі экологиялық проблемаларды өзектендіруде әртүрлі тәсілдерді ашуға мүмкіндік беретін жобаларға қатысатын қазақстандық заманауи өнер негізгі өкілдерінің бірқатар туындыларын талдайды (66).

Шетелдік сыншы, Орталық Азия мен Африка өнерінің зерттеушісі, куратор Энрико Машеллони (Mukazhanova, Mascelloni 35) Мұқажанованың шығармашылық тәжірибесінде текстильді негізгі материал ретінде қолданатынын анықтайды. Француз кураторы Жером Санс (Jerome Sans) Меңлібаеваның шығармашылығы туралы «Алмағұл ата-баба табынушылығымен, монотеистік діндермен, дәстүрлермен және қазіргі заманмен байланысты бинарлы құбылыстардың жігін бұза отырып, фотосурет арқылы көшпенділік формасын қайта жаңғыртады», - деп атап өтеді (11).

Халықаралық жоба аясында Дортмунд университеті (Германия) Астана (Қазақстан) және Ташкент (Өзбекстан) қалаларында пәнаралық ғылыми зерттеулер, семинарлар мен воркшоптар ұйымдастырды. Бұл зерттеулер текстиль, қолөнер және дизайн салаларын қамтыды. Жобаның нәтижесі:

- 2018 жылы Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде «Текстиль және қолөнер: жергілікті үдеріс пен жаһандану арасындағы

байланыс» атты семинар өтті;

- 2019 жылы Ташкент қаласындағы Камолиддин Бехзод атындағы ұлттық өнер және дизайн институтында «Текстиль және қолөнер: тұрақты даму тұжырымдамасы — дизайн, өнер және қолөнер үшін өзекті мәселе» атты семинар ұйымдастырылды.

Зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми еңбектер мен мақалалар жарық көрді:

- Mentles, Gabriele, Shamukhitdinova, Lola Textiles as National Heritage: Identities, Politics and Material Culture — case studies from Uzbekistan, Kazakhstan, Algeria and Peru, New York, 2017;

- Shamukhidinova L. IKAT: Photoalbum, Germany, 2021.

Шет елдердегі текстильді сақтау, зерттеу мен қайта өңдеуге арналған орталықтардың бірі - CHAT (Centre for Heritage Arts and Textile) (Қытай Халық Республикасы, Гонконгтегі) мекемесі. Бұл орталықта 2023 жылы Орталық Азия текстиль мәдениетіне арналған «Ornaments, Clouds & Power» атты көрмесі өтті. Көрменің негізгі мақсаты Орталық Азия суретшілерінің ортақ тарихын бейнелеу метафоралары арқылы текстиль көмегімен өзекті саяси, әлеуметтік, мәдени процестерді түсіну болды (<https://www.mill6chat.org/event/clouds-power-and-ornament-roving-central-asia/>).

Жоба аясында Textile Culture Backup — басылым жарыққа шықты. Оған 18 куратор мен әлемнің 110-нан астам суретшілердің еңбектері енген. Бұл жинақта Textile Culture Net ұйымдастырған онлайн-көрмелер ұсынылды. Textile Culture Net — текстиль өнері мен дизайны, сән, қалалық қайта құру және тұрақты даму арасындағы байланыстарды нығайту мақсатында жұмыс істейтін төрт алдыңғы қатарлы мекеменің халықаралық желісі. Жоба 2020 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін жүзеге асырылуда. Бұл жаңашыл кітап қазіргі заманғы текстиль өнерінің күшін және оның эволюциясын бейнелейді,

өзекті әрі маңызды тақырыптарды қозғайды. Сонымен қатар, ол тарих, мәдениет және материалдар тоғысқан қуатты баяндауларды жинақтайтын физикалық архив ретінде қызмет етеді.

Шетелдік зерттеушілер заманауи текстиль өнеріне арналған көптеген еңбектер жазған. Бұл еңбектер әлем суретшілерінің текстиль жұмыстарын зерттеуге бағытталған. Мысалы Жанел Портер мен Phaidon редакциясымен шыққан “Vitamin T: Threads & Textiles in Contemporary Art” заманауи бейнелеу өнерінің дамуын белгілі бір материалдық құрал арқылы қарастыратын сериясының бір бөлігі. Басылымда әлемнің 100-ден астам суретшілердің жіптерді, талшықтарды және текстильді қолдану тәжірибесі қамтылған. Сондай-ақ, кураторлар, суретшілер және өнер саласының кәсіби мамандарының мәтіндері ұсынылған.

Катерин Дормон “A Philosophy of Textiles — Between Practice and Theory” еңбегінде текстиль өнерін тіл, концепция және материалдық құбылыс ретінде қарастырады. Ол Платон, Делез және Деррида сынды философтардың өз идеяларын көрсету үшін тоқыма процестерін пайдаланғанын айтады. Автор текстильдің материалдылығын және “тілін” біріктіре отырып, жаңа ойлау, жазу және шығармашылық модельдерін ұсынады. Бұл зерттеу Ролан Барт, Хелен Сиксус, Люс Иригарай сияқты философтардың еңбектеріне және халықаралық суретшілер мен текстиль мамандарының тәжірибесіне негізделген.

Текстиль саласындағы маңызды академиялық рецензияланған журналдың бірі - “Textile: The Journal of Cloth and Culture”. Ол технология мен визуалды медиа, мәдениет тарихы мен теориясы, антропология, философия, саяси экономика және психоанализ сияқты салалардағы зерттеулерді біріктіреді. 2003 жылы алғаш рет жарық көрген бұл журнал әлі күнге дейін текстиль өнеріне арналған беделді басылымдардың бірі.

Туындының өзегін, тұжырымдамалық мәнін ашуда сапалы материал ретінде текстиль бұйымдарын белсенді пайдалану үрдісі Алмагүл Меңлібаеваның шығармашылық тәжірибесінен көре аламыз. 1990-жылдардың басындағы жұмыстарында суретші жүннен басылған киізді, түрлі маталарды және аралас техниканы жиі қолданатын: «Ағаш, еркек және әйел» (1992), «Жылан Аага» (1993-1994), «Атаусыз» (1994).

1990-2000 жылдардағы көркемдік қоғамдастықтың өкілі ретінде Алмагүл Меңлібаева кеңес өкіметі режимінің салдарынан көптеген халықтық дәстүрлері жойылып, қазақ философиясы мен өмір салты жоққа шыққанын алға тартып, өз жұмыстарында осы күрделі мәселелерге назар аударады. 1990-жылдары ол мифология мен архетиптерге арналған тақырыптарды таңдаса, 2000-жылдарда болмыс пен экология мәселелеріне, ядролық полигонның салдарына тоқталады. Оның TSE art destination (2018 жыл) кеңістігіндегі «GREEN, YELLOW, RED AND GREEN AGAIN» атты көрмесі елорданың мәдени өміріндегі маңызды оқиға болды.

TSE art destination орталығы қаланың оң жағалауында орналасқан және Астананың тарихи бөлігіндегі заманауи өнер үшін жалғыз алаң деп айтуға болады. Галереяның атауы қызықты: бұл — Целиноградқа берілген Астана әуежайының Халықаралық кодына сілтеме. Осы тұрғыда әуежайды жаһандану дәуірінде елдер арасындағы байланыстырушы көпір ретінде қарауға болады. Көрмеде әртүрлі кезеңдердегі және mixed media-да орындалған жұмыстар (фото, видео), мысалы, «Менің саған апарар жібек жолым» (2011-2015) фотосуреттер сериясы ұсынылды.

Астанада заманауи өнерді көрсетуге арналған қызықты орындар бар. Қаланың жаңа бөлігі әйнектен,

тастан және бетоннан, одан басқа да материалдардан жасалған заманауи ғимараттардан тұрады. Astana Art Show-2019 жобасы аясында Жером Санс пен Дина Байтасованың жетекшілігімен «Racing the Galaxy» Халықаралық көрмесі өткізілді. Көрме екі ірі қоғамдық ғимаратта — Бейбітшілік және Келісім Сарайында, Тәуелсіздік сарайында «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі» деңгейіндегі түрлі халықаралық іс-шаралар өтетін алаңында орналасты. Шараға 15 елден (Орталық Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия, Еуропа, Латын Америкасы елдері және т.б.) 20 суретші қатысты, олардың жартысы текстильмен байланысты бұйымдарын қолдана отырып, аралас медиа туындыларын назарға ұсынды. Қазақстан атынан бірнеше суретші, соның ішінде Алмагүл Меңлібаева, Гүлнұр Мұқажанова, Айка Ахметова, Асхат Ахмедьяров қатысты.

Көрмеге қойылған жұмыстарға деген қызығушылықты көптеп келген көрермендерден байқауға болады. Бауыржан Сағиев (TSE art destination директоры) өз сұхбатында жұмыстарды барынша көрсету үшін кеңістікті ұтымды пайдалану, қабырғаларды тұрғызу және қажетті түстермен бояу мүмкіндігі болды деген. Сайып келгенде, көрме үшін осы кеңістіктің таңдап алынуы елордада заманауи өнер музейінің болмауына байланысты.

Көрмеге Қазақстанда дүниеге келген, бірақ шет елде тұратын суретшілер де қатысты. Гүлнұр Мұқажанова (Германияда тұрады) — өз жұмысында түрлі техникалар мен текстильді пайдаланады. Ол жаһандану және нарықтық қатынастар дәуіріндегі дәстүрлі құндылықтардың өзгеруін, болмыс тақырыптарын қозғайды.

Ауада қалықтаған аралдар іспетті абстрактылы лабиринтке ұқсайтын 2018 жылғы «Жалған үміт немесе қазіргі сәт» атты ауқымды жұмысын (өлшемдері 500x600 см.) түрліше пайымдауға болады

(сурет 1). Аралдар немесе шабындықтар өте жарқын, жылтыр маталардан тұрады. Мұнда гүлдер мен өсімдіктер өрнектелген люрекс және дүрия қолданылған. Люрекс — арнайы мерекелік киім жасау үшін қолданылатын жылтыр матаға тоқылған жасанды жіп. Қолмен ұстағанда бұл материал тегіс, жылтылдап тұратын ерекшелігі бірден көзге түседі.

Суретшінің айтуынша, бұл маталардың жарқын сипаты мен «жалған жалтылы» шабыттандырды. Әртүрлі



Сурет 1. Гүлнұр Мұқажанова. Жалған үміт немесе қазіргі сәт. 2018. 500x600 см. (фото <https://gulnurmukazhanova.com/Fals-Hope-Installation>)

маталардың кесінділерінен тұратын жұмыстар композициясы кейін жаңа пішінге ауысады. Осы орайда олар өзара тек инелермен бекітілген. Инелер тұрақсыздық пен күйреуді, ал жылтыр маталар жалған үмітті бейнелейді.

«Жалған үміт немесе қазіргі сәт» — бұл қазіргі заманғы жылтыраған бет-бейне мен шынайы өмір арасындағы метафора. Бұл көзге түспейтін қарым-қатынастар арқылы өзара әрекеттесетін қоғамымыздың бүгінгі көрінісі. Жарқын өрнектермен «сұхбаттастықты» бейнелейтін бұл серия түрлі жағымды да жағымсыз ақпарат пен дискурстың нысанына айналды. Осыдан кейін олар көбейту арқылы абстрактылы формаға ие бола отырып, ондағы кеңістік әйгілі түрде табиғи әмбебап әрекеттерді, бізді адастыратын шексіз қайталамалар шеңберін кейіптейді. Маталар өздерінің жарықтығы мен жылтырақтығымен

арбап, көз жауын алатын айрықша атмосфера қалыптастырады да, матаның өзіне, яғни шындыққа назар аудару және әрбір жеке өрнекке, яғни мағынаға назар аудару қиынға соғады (Mukazhanova 101).

2019 жылғы пандемиядан кейін, дәлірек айтса, 2023 жылы Тайбэйдегі көрмеде дәл осы жұмыс басқа мағынаға ие болды. Көрме кураторы Шей Фэн-Ронг мұнда басты тұжырымдама ұтқырлық және оның «іргелі мәні» деп атап өтеді (Hsieh Feng-Rong). «Саяхатшылардың тоғысуы» («Interwaving travellers») атты топтық көрме қат-қабат үйілген дүрияның күрделі қиындылары арқылы сансыз жиһангерлерді бейнелейді.

2023 жылдың сәуір айында постковидтік кезеңде Астананың арт-кеңістігінде ҚР Ұлттық музейінде қоғамдық резонанс тудырған аттас ADYR-ASPAN арт-тобының көрмесі өтті. Бұл елордалық бес суретшінің бірлестігі Гүлмарал Тәтібаева, Бейбіт Әсемқұл, Наталья Лигай, Әлия Қанибекова және Жеңіс Молдабековты құрайды (бастапқы өнер жолында бұл топ «Kadmii Qyzyl» деген атпен белгілі).

Суретшілердің өздері бұл көрме олар үшін қайта туылу түрі дейді. Соңғы жылдардағы көптеген сілкіністерден кейін өзімізді, халқымызды, ұлттық кодымызды және мұрамызды зерттеу үдерісін бастау өте маңызды болды. Топтың атауы тамырын тереңге жаятын өсімтал адыраспан өсімдігінен шыққан. «Атаудың мағынасы — қазақ халқы қанша сынақтан өтсе де, ол әрқашан өз тамырын сақтап, қайта туылды», деп суретшілер анықтама береді.

Влад Слудский: «Көрме аясындағы өнерлік баяндау, тірі әрі ашық мұрағат, бөлінген институт ретінде музей ішіндегі музей метафорасы негативке, көрменің теріс кеңістігіне, экспозиция денесінің ішіне жасырылған үшінші нәрсеге айналады.» — деп қорытындылайды. (Ұлттық музей, сәуір 2023).

Бұл топ Астанадағы көрмелерге алғашқы қатысқан кезінен бері өз жұмыстарында текстильді жиі қолданып келеді. Әлия Қанибекова, Гүлмарал Тәтібаева және Наталья Лигай «Шалқыма» (сурет 2) акциясымен Астана маңындағы Кіші Талдыкөл көлдері жүйесін қорғауға шықты. Перформанс Artcom.platform (кураторы Айгерім Қапар) қауымдастығының қолдауымен өтті. Суретшілер ақ киім, кимешек киіп, көлді құрғататын арнайы техниканы көп метрлі ақ матамен байлады. Мұндай акция арқылы олар техниканың жұмысына кедергі келтіре отырып, жыл құстарының ұяларын бейнеледі. Себебі бұл жер — құстар үйі. Қатысушылардың көпшілігі — көп балалы аналар, олар үшін жас ұрпақ үшін экожүйені сақтау, табиғи ландшафты және оның басқа да тұрғындары бар қалада тұруға мүмкіндік беру маңызды.



Сурет 2. Кіші Талдыкөлді сақтау перформансынан фото-сурет (фотоны Тәтібаева Г. ұсынды)

2021 жылы Талдыкөл көлін қорғауда суретшілер Әйгерім Оспанова мен Асхат Ахмедьяров акциялар өткізді. Асхат Ахмедьяров шаман костюмін киіп, өтіп бара жатқан техниканы тоқтатуға тырысты, Әйгерім Оспанова қобызда ойнады. Жұмыс «Бақсы Сарыны» деп аталды. Өкінішке орай, қала тұрғындары мен көл жүйесін құтқару суретшілерінің белсенді қатысуына қарамастан, олардың

бір бөлігі тұрғын үй кешендеріне айналды.

Гүлмарал Тәтібаеваның шығармашылығына тоқтала отырып, Қызылорда, Баянауыл және Ақмола облыстарында сатып алынған текстиль — шапан, қамзол сынды ұлттық киімдерді, оның көне заттарды жинаудағы қызығушылықтары, көрменің негізгі материалы ретінде қолданғаның атап өткен жөн. ADYR-ASPAN көрмесінің орталығына орнатылған «Аманат» музейіндегі музей» (сурет 3) деп аталатын жұмыс, үлкен тозған баннерлермен қоршалған. Бұл «музейде» текстиль бұйымдарын, киімдерді, көне артефактілерді жаңа қырынан көрсетті. Аманат сөзі «сақта» дегенді білдіреді. Гүлмарал Тәтібаевамен сұхбатында, ол атауды «сақтауға сеніп тапсырылған» деп анықтама береді.



Сурет 3. Гүлмарал Тәтібаева. Аманат. Музейдегі музей. 2023. Ұлттық киімдер, тұрмыстық заттар, киіз үй жабдықтары. 300x 900x 300 см. (фотоны Тәтібаева Г. ұсынды)

Влад Слудский «Көрме аясындағы өнерлік баяндау, тірі әрі ашық мұрағат, бөлінген институт ретінде музей ішіндегі музей метафорасы негативке, көрменің теріс кеңістігіне, экспозиция денесінің ішіне жасырылған үшінші нәрсеге айналады» деп қорытындылайды.

Қазақтың ұлттық мәдениетін, материалдық мәдениетін қолдау және ілгерілету бойынша белсенді жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, ұлттық

мұраны сақтау және насихаттау мәселесі әлі өзекті. Замандас суретші осы тақырыпты көтереді.

Гүлмарал Тәтібаеваның «Әйелдерге арналған инсталляция» (2023) жобасы әйелдердің өмірлік тәжірибесіне арналған (сурет 4). Цианотипия техникасы арқылы ақ маталарға басылған портреттер суретшінің өмір жолында кез болған әйелдердің қиын тағдырын баяндайды. Осы әйелдердің өмірлік тәжірибесі оның жетілуіне және өзін-өзі тануына көмектескені атап өтілді. Ақ жаймалар бұрын әскери бөлімдегі кадеттердің ұйықтау төсеніші болған. Гүлмарал Тәтібаева берген сұхбатында: «Әйелдер тәжірибесі - азап пен ұмтылыс, сөну мен үміт, қайғы мен қуаныш, темірдей төзімділік пен махаббат — шексіз махаббат, бұл жаңа өмірдің пайда болуының көзге көрінбес шымылдықтары», - деп өз ойларымен бөліседі. Текстиль арқылы суретші өз ойын тиімді жеткізеді.



Сурет 4. Гүлмарал Тәтібаева. «Әйелдерге арналған инсталляция», 2023.
(фото Ескожина Л.)

Әлия Қанибекованың «Батыл жүрек» (2023, киіз-медия, монтаж Евгений Лумпов) атты жұмысы киізді қолдана отырып аралас техникада орындалған. Суретші: «Егер бізде қазіргі батырлардың жүрек соғысын естуге мүмкіндік болса?», - деп сауал тастап, өзі осы сұраққа дыбыстық бейнені жұмсақ, табиғи ақ жүннен жасалған жүрекке проекция арқылы жауап

табуға тырысады. Ол ультрадыбыстық аппараттың көмегімен 2022 жылғы қаңтар оқиғасы қатысушының жүрек соғуын жазды. Көрмеге келушілер суретшімен өз әсерлерімен бөлісті және олар бұл соққыдан белгілі бір тұлғаны болжады. Экспликацияда олар ықтимал цензураны «айналып өту» үшін нақты есім жазбауды ұйғарды. Проекцияның артқы тұсында киізден жасалған матаны қолдану әсерлі болды, бұл сезімтал ноталардың берілуіне және шығарманың жанды желісін ашуға ықпал етті. Жүн материалын таңдауы, Алматыдағы қаңтар оқиғаларына қатысушылардың бірінің сүйікті анасының сезімдері мен сезімталдығы туралы айтқысы келді.

Әлия Қанибекованың «Ақ» (2023, 5х3 м) атаулы ауқымды ақ текеметі дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі ақ киіздің киелі мағынасына сілтеме жасай отырып, көрмені қорытындылайды. Жалпы, атап айтқанда, ақ маталар адамды туғаннан бастап өмірдің соңғы күндеріне дейін сүйемелдейді: жаңа туған нәресте ақ матаға оралады, хан ақ киізге көтеріліп ұлықталады, құрметті қонақтар жайғасады, қайтыс болғандардың денелері аққа оралады.

ADYR-ASPAN тобының Ұлттық музейдегі ауқымды көрмесі екі аптадан кейін алынып тасталды және, өкінішке орай, уәде етілген artist talk орын алмады. Аталған көрмені ADYR-ASPAN тобы Алматы қаласында «Барыбаева 36» кеңістігінде қайта ұсынған болатын.

2024 жылдың көктемінде Астана қаласындағы Sal-Seri галереясында Мөлдір Қарубайқызының «Jeti ара» көрмесі ашылды. Бұл толықтай дербес көрме деп айтуға келмейді, себебі мұнда үш ұрпақтың жұмыстары ұсынылды: суретшінің өзі, сондай-ақ, оның анасы мен қызының еңбектері. Суретші: «Неге біз тек жеті атамyzды білеміз, ал жеті әжеміз туралы біліміміз көбіне өз әжемізбен ғана шектеледі?» — деген сұрақты көтерді. Бұл көрме — қазіргі қазақ қоғамындағы ана болу тәжірибесін зерттеуге бағытталған.

Көрмеде басты орындардың бірін «JETI APA» атты екі кісілік көрпе (200x230, велюр, жүн) көрсетілді. Суретші өз шежіресін зерттей отырып, анасының әжесі кілем, текемет, алаша жасағанын анықтады. Көрмеде «Апа әже, аналарымыз тұрмыста қолданған материалдар сериясынан» атты жұмыстар да ұсынылды. Бұл серияда әртүрлі материалдар: қола, тас, саз, киіз сондай-ақ моншақтармен безендірілген барқыт мата қолданылған. Суретші көтерген мәселе бұл жеті апасының шежіресін білу — бүгінгі қазақ қоғамы үшін өзекті екенін білдіреді.

Негізгі тұжырымдар

Қазіргі заманғы Қазақстан өнерінде текстиль өнері маңызды орын алады. Ол тек материалдық құрал ғана емес, сонымен қатар, дәстүрлерді, ұжымдық жадыны және мәдени сәйкестікті қайта пайымдаудың концептуалды құралы ретінде де көрініс табады. Алмагүл Менлібаева, Гүлнұр Мұқажанова, Гүлмарал Тәтибаева, Алия Қанибекова, Мөлдір Қарубайқызы сынды заманауи суретшілердің шығармалары текстиль өнерінің өткен мен бүгіннің, жергілікті мен жаһандықтың арасындағы байланысты қалыптастырудағы әлеуетін көрсетеді.

1990-жылдардан бастап шығармашылық жолын бастаған Алмагүл Менлібаева текстиль элементтерін өз шығармаларында көпқабатты визуалды баяндаулардың құрамдас бөлігі ретінде пайдаланып, отаршылдық өткеннің әсері мен дәстүрлі құндылықтардың жоғалуын қайта қарастырады. Оның жұмыстарында текстиль өнері тарих пен қазіргі заманның, мифология мен жеке тәжірибенің арасындағы көпір рөлін атқарады. Ал Гүлнұр Мұқажанова инсталляцияларында текстиль материалдарының метафоралық сипатына жүгініп, жарқыраған, әдейі сәндік элементтер арқылы «жалған

үміт», иллюзия мен қазіргі шындықтың тұрақсыздығы концепциясын жеткізеді.

Қазақстанның заманауи өнеріндегі маңызды үрдістердің бірі — текстиль өнерінің экологиялық мәселелерді пайымдау құралына айналуы. Мәселен, Гүлмарал Тәтибаева, Әлия Қанибекова және Наталья Лигайдың Кіші Талдықөлді қорғауға арналған «Шалқыма» перформансы экожүйелердің осалдығын және оларды сақтаудың маңыздылығын бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда, текстиль өнері тек көркемдік материал ғана емес, сондай-ақ, қорғау мен қамқорлықтың символына айналады.

Текстиль өнері мәдени мұраны және отбасылық жадыны сақтау тәсілі ретінде де көрініс табады. Мысалы, Гүлмарал Тәтибаеваның «Аманат. Музейдегі музей» және «Әйелдер инсталляциясы» жобалары дәстүрлі текстиль бұйымдары мен ұлттық киім элементтерін пайдалана отырып, тарихи сабақтастықтың үзілу мәселесіне назар аударады. Әйелдердің өмір тарихтарынан шабыт алған Мөлдір Қарубайқызының «JETI APA» жобасы әйелдердің шежірелік байланысын және дәстүрлерді жеткізудегі рөлін өзек етеді.

Осылайша, қазіргі Қазақстан өнерінде текстиль материалдық құрал болудан шығып, концептуалды көркемдік тілге айналып келеді. Ол ұжымдық жадыны сақтау, мәдени сәйкестікті бейнелеу, әлеуметтік сын айту және жаһандық процестерді пайымдау құралы ретінде қызмет етеді. Текстиль өнерімен айналысатын суретшілер дәстүр мен заманауи ағымдардың байланысын қайта қарастырып, мәдени, экологиялық және гендерлік мәселелерге назар аудару арқылы ұлттық және халықаралық өнер дискурсына өз үлесін қосуда.

Қорытынды

Астана арт-кеңістігінде түрлі көрмелер ұйымдастырған суретшілердің жеке шығармашылық тәжірибелерін қарастыра отырып, олардың текстиль

бұйымдарын өз идеяларын жеткізу құралы ретінде пайдаланатынын атап өткен жөн. Бір жағынан, текстиль — қалыптасқан тарихы бар қолжетімді материал болса, екінші жағынан, ол біздің өңір үшін табиғи әрі тиімді материал.

Суретшілер табиғи таза материалды немесе жасанды бөлшектері бар элементтерді таңдау барысында саналы әрі көбінесе интуитивті түрде шешім қабылдай отырып, туындының тұжырымдамалық өзегін дәл әрі әсерлі жеткізеді.

Суретшілер Астана кеңістігін тікелей шығармашылық платформасы ретінде пайдаланып, Кіші Талдықөл көлінің экожүйесін қорғауға бағытталған акциялар ұйымдастырды. Бұл көл қала тұрғындары үшін сирек кездесетін құстарды — қоқиқаздар мен сыбырлақ-аққуларды, сондай-ақ бірегей флораны бақылауға мүмкіндік беретін ерекше орын. Акция барысында ADYR-ASPAN тобының мүшесі ұстаған ұзын ақ мата тосқауыл іспеттес болып, блок-посттың символдық бейнесін жасап, оның тұжырымдамасын тереңірек ашуға көмектеседі.

Зерттеуде қарастырылған кезеңде Астана қаласында орналасқан түрлі көрме және өнер кеңістіктері — ҚР Ұлттық музейі, Бейбітшілік және Келісім Сарайы, Тәуелсіздік сарайы, TSE Art Destination галереясы (өкінішке орай, Республика 33а алаңы жабылды), Sal Seri галереясы, сондай-ақ Талдықөл көлінің жағасы және басқа да шығармашылық алаңдар — суретшілердің көрмелері мен акцияларын өткізу орталықтарына айналды. Бұл кеңістіктер қаланың мәдени және шығармашылық өмірінде маңызды рөл атқарды.

Астана әлі де республикалық және жаһандық арт-кеңістікте өз орнын толықтай қалыптастыра алған жоқ.

Дегенмен, жекелеген кураторлар мен суретшілердің бастамалары, сондай-ақ, шетелдік өнертанушылар мен өнер орталықтарының арт-директорларын тарту бойынша жүргізілген белсенді жұмыстар елорданың мәдени өміріне көрермендерді кеңінен қатыстыруға мүмкіндік берді. Мақалада талданған көрмелер мен акциялар қоғамда экология, идентификация, жарақат сынды өзекті мәселелерге қызығушылық тудырды. Қазіргі таңда өнер кеңістіктерінің тапшылығы, заманауи өнерге арналған музейлер мен галереялардың жеткіліксіздігі елордадағы шығармашылық кластердің жүйелі дамуына кедергі келтіріп отыр.

Тәжірибелі суретшілер арасында әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік әлемдік өнер үрдісінің маңызды бағытына айналып отыр, өйткені табиғи ресурстардың қауіпсіздігі мен олардың болашақ ұрпақ үшін сақталуы өзекті мәселе болып табылады. Текстиль феноменін зерттеу, өнер нысандарын талдау және суретшілермен жүргізілген сұхбаттар қазіргі заманғы өнердің әртүрлі тенденцияларын түсінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар, оның табиғатты қорғауға бағытталған аспектілерінің бірін айқындайды.

Арт-нысандарда қайта өңдеуге және қайта қолдануға жарамды текстильді пайдалану биоресурстарды сақтауға бағытталған маңызды әдіс ретінде ұсынылады. Қазіргі таңда текстиль өнімдерінің шамадан тыс артуы жаһандық экологиялық мәселеге айналып отыр, сол себепті бұл материалды саналы және ұтымды пайдалана алатын суретшілерге деген сұраныс артып келеді. Осы зерттеу жаһандық экологияны қорғау мәселесі аясында өзекті бағыттардың бірі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Авторлардың үлесі:

Л.Б. Ескожина – зерттеу тұжырымдамасын анықтау, дереккөздермен жұмыс жасау, зерттеудің практикалық бөлігін орындау.

Р.И. Қарғабекова – мәтінді өңдеу, нәтижелерді қорытындылау, аңдатпа жазу.

Вклад авторов:

Л.Б. Ескожина – определение концепции исследования, работа с источниками, исполнение практической части исследования.

Р.И. Каргабекова - редактирование текста, обобщение результатов, написание аннотации.

Authors contribution:

L.Yeskozina – defining the research concept, working with sources, performing the practical part of the research.

R. Kargabekova - text editing, summarizing results, writing abstract text.

Дереккөздер тізімі

- Baitassova, Dina, and Sans Jerome. *Rasing the Galaxy*. First published in Italy in 2019 by Scira editore S.p.A Pallazzo Casati Stampa, 2019.
- Dormor, Cathrine. *A Philosophy of Textiles – Between Practice and Theory*. London, Bloomsbury Visual Arts, 2020.
- Hsieh Feng-Rong2023 NTCAM On the Move: Interweaving Travelers<https://ntcart.museum/EN/exhibition/H2310002> Қаралған уақыты: 13 сәуір 2024.
- Ибраева, Валерия. *Искусство Казахстана: Постсоветский период*. Алматы, Тонкая грань, 2014.
- Mentles, Gabriele, and Lola Shamukhitdinova. *Textiles as National Heritage: Identities, Politics and Material Culture – Case Studies from Uzbekistan, Kazakhstan, Algeria and Peru*. New York, 2017.
- Mukazhanova, Gulnur. *Germany*, Pro Bona Publishing, 2021.
- Mukazhanova, Kulzhazira. *Catalog for Almagul Menlibaeva*. Modern Artists of Kazakstan series, Soros Foundation Almaty, 1995
- Porter, Jenelle. *Vitamin T: Threads & Textiles in Contemporary Art*. London, Phaidon, 2019.
- Резникова, Екатерина. «Қазіргі Қазақстан өнеріндегі табиғи мұраны интерпретациялау». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 7, № 3, 2022, б. 61–75, doi:10.47940/cajas.v7i3.607.
- Shamukhidinova, Lola. *IKAT: Photoalbum*, Germany, 2021
- Сорокина, Юлия. *Современное искусство Казахстана и Центральной Азии как потенциальное культурное наследие*. 2016. Казахская национальная академия искусств им. Т. Жургенова
- Textile Culture Backup*. Poland, Studio Mut, 2024
- Труспекова, Халима. *Авангардные идеи XX века в живописи и актуальном искусстве Казахстана*. Монография. Алматы, Print S, 2011.
- Ергалиева, Райхан. *Этническое и эпическое в искусстве Казахстана*. Алматы, Жибек жолы, 2011
- Юсупова, Ардак. *Калейдоскоп*. Очерки и эссе об искусстве и художниках Казахстана. Астана, Булатов А.Ж., 2022.

References

Baitassova, Dina, and Sans Jerome. *Rasing the Galaxy*. First published in Italy in 2019 by Scira Editore S.p.A, Pallazzo Casati Stampa, 2019.

Dormor, Cathrine. *A Philosophy of Textiles – Between Practice and Theory*. London, Bloomsbury Visual Arts, 2020.

Hsieh, Feng-Rong. NTCAM On the Move: *Interweaving Travelers*. 2023, <https://ntcart.museum/EN/exhibition/H2310002>. Accessed 13 Apr. 2024.

Ibraeva, Valeria. *Iskusstvo Kazakhstana: Postsovetsky period [The Art of Kazakhstan: The Post-Soviet Period.]* Almaty, Tonkaya gran, 2014. (In Russian)

Mentles, Gabriele, and Lola Shamukhitdinova. *Textiles as National Heritage: Identities, Politics and Material Culture – Case Studies from Uzbekistan, Kazakhstan, Algeria and Peru*. New York, 2017.

Mukazhanova, Gulnur. *Germany*, Pro Bona Publishing, 2021.

Mukazhanova, Kulzhazira. *Catalog for Almagul Menlibaeva. Modern Artists of Kazakhstan series*. Soros Foundation, Almaty, 1995.

Porter, Jenelle. *Vitamin T: Threads & Textiles in Contemporary Art*. London, Phaidon, 2019.

Reznikova, Ekaterina. “Interpretatsiya prirodnogo naslediya v sovremennom iskusstve Kazakhstana.” [Interpretation of National Heritage in Contemporary Art of Kazakhstan.] *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 7, no. 3, 2022, pp. 61–75, doi:10.47940/cajas.v7i3.607. (In Russian)

Shamukhitdinova, Lola. *IKAT: Photoalbum*. Germany, 2021.

Sorokina, Yuliya. *Sovremennoe iskusstvo Kazakhstana i Tsentralnoi Azii kak potentsialnoe kulturnoe nasledie [Contemporary Art of Kazakhstan and Central Asia as Potential Cultural Heritage]*. Kazakh National Academy of Arts, 2016. (In Russian)

Textile Culture Backup. Poland, Studio Mut, 2024.

Truspekova, Khalima. *Avangardnye idei XX veka v zhivopisi i aktualnom iskusstve Kazakhstana: Monografiya [Avant-Garde Ideas of the 20th Century in Painting and Contemporary Art of Kazakhstan]*. Almaty, Print S, 2011. (In Russian)

Yergaliyeva, Raikhan. *Etnicheskoe i epicheskoe v iskusstve Kazakhstana [Ethnic and Epic in the Art of Kazakhstan]*. Almaty, Zhibek Zholy, 2011. (In Russian)

Yussupova, Ardak. *Kaleidoskop: Ocherki i esse ob iskusstve i khudozhnikakh Kazakhstana [Essays and Sketches on the Art and Artists of Kazakhstan]*. Astana, Bulatov A.Zh., 2022. (In Russian)

Ескожина Лаура, Каргабекова Раушан

Казахский национальный университет искусств имени Күләш Байсейітовой (Астана, Казахстан)

ТЕКСТИЛЬНЫЕ АРТ-ОБЪЕКТЫ В АРТ-ПРОСТРАНСТВЕ АСТАНЫ

Аннотация. В статье рассматривается значение и особенности использования текстильного материала в творчестве современных казахских художников. Анализируются произведения таких авторов, как Алмагуль Менлибаева, Гульнур Мукажанова, Гульмарал Татибаева, Алия Канибекова, Молдир Карубайкызы. Текстиль выступает в их художественной практике как важный концептуальный инструмент. Через текстиль художники передают такие темы, как историческая память, экология, женский опыт, идентичность и национальное наследие. Примерами прошедших выставок в Астане стали: персональная выставка Алмагуль Менлибаевой «GREEN, YELLOW, RED AND GREEN AGAIN» в галерее TSE art destination, групповая выставка «ADYR-ASPAN» в Национальном музее Республики Казахстан, а также важная экспозиция «JETI APA» Молдир Карубайкызы в галерее Sal-Seri и другие выставки. Особое внимание уделяется роли текстильных объектов в этих проектах. Инсталляции и перформансы, выполненные из войлока, бархата, люрекса и белой ткани, демонстрируют синтез традиционного культурного кода казахов с актуальными социальными проблемами современности. Авторы раскрывают подлинный, поэтический и символический потенциал текстиля в современном искусстве, исследуя его как средство диалога между культурным наследием и личным опытом. Рассматриваются возможности художественного осмысления процессов глобализации, внутреннего голоса нации, женской природы и социальной трансформации посредством текстиля. Статья представляет собой научно-творческий поиск, направленный на переосмысление текстильных объектов в новом контексте, а также на комплексный анализ актуальных тенденций и состояния развития текстильных арт-объектов в арт-пространстве Астаны.

Ключевые слова: Казахстан, Астана, современное искусство, художники, текстиль, арт-пространство, арт-объекты.

Для цитирования: Ескожина, Лаура и Каргабекова Раушан. «Текстильные арт-объекты в арт-пространстве Астаны». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 1, 2025, с. 225–241, DOI: 10.47940/cajas.v10i1.899

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Yeskozhiba Laura, Kargabekova Raushan

Kulyash Bayseyitova Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)

TEXTILE ART OBJECTS IN THE ART SPACE OF ASTANA

Abstract. The article explores the significance and specific use of textile materials in the work of contemporary Kazakh artists. It analyzes the artistic practices of Almagul Menlibayeva, Gulnur Mukazhanova, Gulmaral Tatibayeva, Aliya Kanibekova, and Moldir Karubaykyzy. In their creative approach, textiles serve as an important conceptual medium. Through textiles, these artists address complex themes such as historical memory, ecology, female experience, identity, and national heritage.

The article examines several key exhibitions, including Almagul Menlibayeva's solo show "GREEN, YELLOW, RED AND GREEN AGAIN" at the TSE Art Destination Gallery in Astana, the group exhibition "ADYR-ASPAN" at the National Museum of the Republic of Kazakhstan, as well as "JETI APA" by Moldir Karubaykyzy held at the Sal-Seri gallery, among others. These exhibitions highlight the prominent role of textile works. Installations and performances using felt, velvet, lurex, and white fabric combine traditional Kazakh cultural codes with contemporary social issues. The authors reveal the genuine, poetic, and symbolic potential of textiles in contemporary art, exploring them as a medium of dialogue between cultural heritage and personal experience. The article analyzes the expressive potential of textiles in reflecting themes such as globalization, the inner voice of the nation, femininity, and processes of social transformation in a profound and artistic language. The article represents a scholarly and creative inquiry aimed at reinterpreting textile art objects in a new context and provides a comprehensive analysis of the current trends and development of textile-based artworks within Astana's art scene.

Keywords: Kazakhstan, Astana, contemporary art, artists, textiles, art space, art objects.

Cite: Yeskozhiba, Laura, and Raushan Kargabekova. "Textile art objects in the art space of Astana" *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol.10, No.1, 2025, pp. 225–241, DOI: 10.47940/cajas.v10i1.899

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Авторлар туралы мәлімет:

Ескожина Лаура Болатқызы
— Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Сценография және сәндік өнер» кафедрасының оқытушысы, «Өнертану» кафедрасының «Өнертану» мамандығының докторанты (Астана қ., Қазақстан).

Қарғабекова Раушан Исмаилқызы — Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Өнертану» кафедрасының аға оқытушысы (Астана қ., Қазақстан)

Сведения об авторах:

Ескожина Лаура Болатовна — преподаватель кафедры «Сценография и декоративное искусство», докторант специализации «Искусствоведение», кафедры «Искусствоведение», Казахского национального университета искусств имени Күләш Байсейітовой (Астана, Казахстан)

ORCID ID: 0009-0007-1178-6984
E-mail: Laura8879@gmail.com

Қарғабекова Раушан Исмаиловна — старший преподаватель кафедры «Искусствоведение», Казахского национального университета искусств имени Күләш Байсейітовой (Астана, Казахстан)

ORCID ID: 0009-0000-5890-1125
E-mail: raukar77rik@gmail.com

Information about the authors:

Yeskozhiba Laura Bolatovna
— Lecturer at the Department of Scenography and Decorative Art, doctoral student in the specialization in Art History, Department of Art History, Kulyash Bayseyitova Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)

Kargabekova Raushan Ismailovna — Senior Lecturer of the Department of Art History, Kulyash Bayseyitova Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)